

Кітапхананың 2022-2023 оқу жылындағы оқулықтармен қамтамасыз ету туралы мәлімет

Жалпы кітап қоры: 19052

Оқулық саны: 15474

Әдеби кітап: 2173

Әдістемелік : 333

Анықтамалық : 107

Сөздіктер: 72

Электронды оқулық: 893

Есептен шығарылғаны: 1519

Жаңа келген оқулық: 1099

Оқушыларды оқулықпен қамтылуы. 98 %

Сыныбы	Оқушы саны	Оқулық саны	Қамтылуы %
1	74	70	100%
2	61	91	100%
3	70	86	100%
4	86	85	100%
5	85	112	100%
6	85	103	100%
7	77	96	100%
8	86	96	100%
9	86	78	91%
10	81	74	100%
11	52	56	95%
Барлығы	843		98%

№22 3.Рүстемов атындағы жалпы орта мектеп кітапханашыларының 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыс есебі.

Тамыз айында мектеп оқушылары оқулықпен 98 пайыз қамтамасыз етілді. Қыркүйек айында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханасында "Елге құрмет –тілге құрмет" атты көрме қойылып, 7-8 сынып аралығында «Жаңа кітап-жаңа ой» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында әр аптаның жұма күні "20 минут" кітап оқу сағаттары ұйымдастырылды.

Оқу сағаттарының мақсаты: мектеп мұғалімдері мен оқушыларды, кіші қызметкерлерді және ата-аналарды қазақ ақын- жазушыларының шығармаларын оқуға насихаттау.

Қазан айында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларынан 9- сынып оқушылары аралығында шығармаларын жатқа айту. Іс-шара барысында 9- сынып оқушылары өмірінен мәліметтер мен өлеңдерін айтып жарыса пікір алмасты.

"Оқуға құштар мектеп" жобасының жоспары аясында кітапханада өткізілген 7-8 сынып оқушылар аралығында "100 кітап" жобасы аясында қазақ –ақын жазушылардың ұсынылған әдеби шығармалардың мазмұнын айтып, пікірлерін ортаға салды. Қазіргі таңда әдеби кітаптардың электронды

нұсқалары бар, бірақ ,оқушылар кітаптан оқығандай әсер алмайтындарын айтты.

Қараша айында 5-9 сынып оқушыларымен **"Менің сүйікті ақыным!"** атты сайыс өткізілді. Сайыста ақын -жазушылардың кітабын оқып, мазмұнын айтып беру.

«Кітап арқылы өзінді және өзгені таны» көрме ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында 16- желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай оқырмандарға мемлекет тәуелсіздігінің қалыптасуы туралы мағұлмат беру, еліміздің болашағына жауапкершілікпен қарау, отанын сүюге, патриоттық сезімдерге тәрбиелеу мақсатында **"Ел тәуелсіздігіне—31 жыл"** атты кітапханада көрме ұйымдастырылды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында кітапханашылар мен тәлімгердің ұйымдастырумен «Бір кітап-бір сурет» өздері оқыған кітабының кейіпкерлерінің суретін салу. 4-6 сынып аралығында болып өтті.

Қаңтар айында **"Қысқы демалыста кітап оқимыз"** акциясы жалғасты. Оқушылар қысқы демалыста өздері оқыған әдеби кітаптары туралы түсніктерін айтты. **"Оқуға құштар мектеп"**жобасы аясында әр аптаның жұма күні **"20 минут"** кітап оқу, 3 минут эссе жазу сағаттары ұйымдастырылды. Оқу сағаттарының мақсаты: мектеп мұғалімдері мен оқушыларды, кіші қызметкерлерді және ата-аналарды қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын оқуға насихаттау.

Ақпан айында ақын, драматург,аудармашы М. Мақатаевтың туған күніне орай 8 -сыныптар бойынша **«Әр өлеңі- бір әлем»** атты тәрбие сағаты болды. Іс-шарада оқушылар өлеңін жатқа айтып, **«Аққулар ұйықтағанда»** атты сахналық көріністер қойылды.

Наурыз айында әдеби кітап қорын ұлғайту мақсатында **"Ерікті кітап өткізуші"**акциясы ұйымдастырылды. Акцияға мектеп ұжымы,оқушылар және ата-аналар белсене қатысып, өздері оқыған ақын жазушылардың кітаптарын мектеп кітапханасына тапсырды.

Сәуір айында **"Оқуға құштар мектеп"**жобасы аясында 7-10 сынып аралығында **"Менің сүйікті ақыным"** тақырыбында оқырман сайысы өткізілді. **«Ең үздік оқырман»** 10в сынып оқушысы Г.Тайыржанова білімділігімен жеңіп алды.

"Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында **«Менің сүйікті ақын жазушым»** қазақ ақын –жазушылардың шығармасынан монолог оқу.

Мамыр айында 1мамыр **"Бейбітшілік –ел тілегі"** көрме ұйымдастырылды.

9- мамырда **"Ұлы жеңіске -77 жыл"**көрме ұйымдастырылып, **«Ұлы жеңіс жасасын!»**тты іс -шара өтті. Іс-шараларға белсене қатысқан оқушылар мектеп әкімшілігі тарапынан марапатталды.